

ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Жезказған қаласы

« 19 » тамыз 2024 жыл.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Университет» деп аталатын Баскарма төрағасы – ректор Сағынтаева Сауле Советқызы және жарғы негізінде жұмыс істейтін Ұлытау облысының білім басқармасының Жезказған қаласы білім бөлімінің «Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бұдан әрі «Мектеп-лицей», директоры Мукашева Кульпаш Байзадиновна және бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, Инженерлік мамандықты таңдайтын білім алушыларға кәсіби қызметтерді таңдау және оқу үрдісінде кәсіби көмек пен қолдау көрсету бойынша өзара ынтымақтастық шеңберінде осы Меморандумға отырды.

Меморандумның тақырыбы

Тараптар білім беру ұйымдары арасындағы байланыстарды орнату және нығайту мақсатында, күш-жігерді біріктіру арқылы білім беру саласында оқу үрдісін ұйымдастыру, жетілдіру және жүзеге асырудағы ынтымақтастықтың өзара тиімді мүдделерін ескере отырып, кәсіптік бағдар беру саласында бірлесіп әрекет етуге және бағыттарды анықтауға міндеттенеді.

1. Меморандумның міндеттері

- 1.1. Екі Тараптың кәсіптік саладағы білімін кеңейту және нығайту, жұмыс тәжірибесі мен мамандықтар беделін арттыру.
- 1.2. Келесі пәндер бойынша кәсіптік бағдар беру:
 - Электроэнергетикаға кіріспе;
 - Компас бағдарламасында 3D – модельдеу;
 - Қазіргі материалтану негіздері.
- 1.3. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу.
- 1.4. Оқу үрдісі барысында ғылыми-әдістемелік көмек көрсету.
- 1.5. Білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған өзара ынтымақтастықты қалыптастыру.
- 1.6. Пәндік олимпиадалар, сайыстар, ғылыми жоба жарыстарын өткізу.
- 1.7. Оқу-тәрбие үрдісінде бірлескен іс-шаралар: конференциялар, форумдар ұйымдастыру, ақпарат алмасу.
- 1.8. Тараптар өзара тиімді ынтымақтастыққа ұмтылады және ұзақ мерзімді онлайн/офлайн байланыстар орнатудың объективті мүмкіндігін қарастырады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

- 2.1. Мектеп-лицей міндеттеме алады:
 - 2.1.1. Оқыту бейіні бойынша кәсіби даярлау мақсатында университет оқытушыларының авторлық бағдарламаларын Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің оқу жоспарының вариативтік бөлімі негізінде 10 -сыныптарға аптасына 1 сағаттық (жылына 34 сағат) оқу жүктемесімен енгізу;
 - 2.1.2. Осы бағдарламалардың оқу үрдісінде жүзеге асырылуын бақылау;
 - 2.1.3. Университет оқытушыларының еңбекақысын бекітілген тарифке сәйкес, қосымша келісімдер негізінде уақытылы төлеу;
 - 2.1.4. Таңдаған мамандықтары бойынша аталған университетке түсуге ниет білдірген мектеп-лицей түлектері арасында сауалнама жүргізу, мониторинг жасау;
 - 2.1.5. Жоғары сынып білім алушылары, олардың ата-аналары үшін университет өкілдерімен кездесулер, мамандықтар жәрмеңкесін ұйымдастыру және өткізу;

2.2. Университет міндеттеме алады:

- 2.2.1. Білім алушыларға кәсіби бағдар беру мақсатындағы курстың бағдарламасын әзірлеп, алдын ала бекітуге ұсыну;
- 2.2.2. Кәсіби бағдар беру курсын жүргізетін оқытушыларды анықтау, бекіту;
- 2.2.3. Аталған курстың теориялық және тәжірибелік сабақтарын онлайн (мүмкін болған жағдайда офлайн) негізінде университеттің бар мүмкіндіктерін /шеберхана, зертхана т.б./ пайдаланып өткізу;
- 2.2.4. Университет базасында өткізілетін тәжірибелік жұмыстар, Ашық есік күндері кезінде курс тыңдаушыларының қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 2.2.5. Бекітілген курстарды және кәсіптік іс-шаралар (іскерлік ойындар, тренингтер, кездесулер) өткізу арқылы білім беру бағдарламасын іске асыру және білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекеттерін, инженерлік мамандыққа қызығушылықтарын дамыту;

2.3. Тараптардың құқығы бар:

- 2.3.1. Мектеп-лицейдің 10-сыныптарына оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлігі негізінде кәсіптік оқыту мақсатында ЖОО мұғалімдерінің авторлық бағдарламаларын іске асыруға қолдау көрсету;
- 2.3.2. Оқытудың инновациялық технологияларын қолдану бойынша тәжірибе алмасу;
- 2.3.3. Білім алушылардың таңдаған мамандықтарына байланысты оқу бағдарламаларын меңгерулеріне жағдай жасау;
- 2.3.4. Бірлескен ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, конкурстар, олимпиадалар, онлайн консультациялар өткізу.

3. Меморандумның қаржылық шарттары

- 3.1. Меморандум шарттарына сәйкес Тараптардың өзара қарым-қатынастары тегін жүзеге асырылады.
- 3.2. Осы Меморандумның жасалуы Тараптардың ешқайсысы үшін салықтық міндеттемелерді, салық салуды немесе басқа да міндетті төлемдерді талап етпейді.

4. Тараптардың жауапкершілігі


- 4.1. Тараптар Меморандумды іске асыру шеңберінде Тараптардың өзара іс-қимылы үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбай жүзеге асырылатынын растайды.
- 4.2. Егер мұндай шағымдар туындаса, Тараптар оларды дербес және өз есебінен шешеді.

5. Меморандумның қолданылу мерзімі

- 5.1. Осы Меморандум 3 (үш) жыл мерзімге жасалады және оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді. Егер Тараптардың ешқайсысы Меморандумның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапқа өзінің Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермесе, ол сол шарттармен автоматты түрде бір жылға ұзартылған болып саналады.
- 5.2. Меморандум екі данада қазақ және орыс тілінде, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды. Екі дананың да заңды күші бірдей.
- 5.3. Меморандумға кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалады және әрбір тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда ғана жарамды.

6. Тараптардың заңды мекен-жайы

КЕАҚ Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті
100027, Қарағанды қ. пр. Назарбаев, 56
БИН 000240004524
тел: 8-7212-56-03-28
kstu@kstu.kz

Басқарма төрағасы -Ректор
 Сагинтаева С.С.

Ұлытау облысы білім басқармасының
Жезказған қаласының білім бөлімінің
«Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейі» КММ
100600, г. Жезказған, ул.Мұса Жәлел, 12
БИН 970440003910
тел: 8-7102-711224
jehez-school7@mail.ru
Директор 

Мукашева К.Б.